

"Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғат паркі" мемлекеттік мекемесінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 тамыз N 1220

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының бірегей табиғат кешенінің және энеолит дәуірінің археологиялық ескерткіштерін (ботай қонысы) сақтау мен қалпына келтіру мақсатында, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі мен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ұсыныстарын ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданындағы "Айыртау орман шаруашылығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны "Көкшетау" ұлттық табиғат паркі" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - Мекеме) қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Мекемеге Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданындағы "Бұрлық орман шаруашылығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жер пайдалануынан қосымша тұрақты жер пайдалануға көлемі 944 гектар жер учаскесі берілсін.

Берілген жерлер ерекше қорғалатын аумақ жерлері санатына, ал орманды жерлер қорғалу санатына - мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің ормандары және ғылыми мәні бар ормандарға жатқызылсын.

3. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Мекеменің шекаралық өзгерісін ескере отырып оның күзетілетін аймағын айқындасын.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Мекеменің жерін функционалдық аймақталуын жүргізуді ұйымдастырсын.

5. Мекемені қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне орман, балық, аңшылық шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын ұстауға көзделген қаржының есебінен және соның шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

6. **Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі